

**БЕКІТЕМІН**  
**«Бірінші болу – батылдық» Корпоративтік қорының**  
**Атқарушы директоры**



\_\_\_\_\_/С.Н. Қазыбаева  
**«03» қыркүйек 2021 ж.**

**«Алматы марафоны» 2021**  
**жүгіру жарысын өткізу туралы**  
**ЕРЕЖЕ**

**Іс-шараның 2021 жылдың 26 қыркүйегіне қалдырылғанына**  
**байланысты ЕРЕЖЕ жаңартылды**

**(03.09.2021 ж. өзгертулер және қосымшалармен бірге)**

**Алматы қ.**  
**2021 ж.**

## **1. ЖАРЫС МАҚСАТТАРЫ**

**Алматы марафоны** – жыл сайынғы халықаралық жүгіру жарысы. Оның негізгі қашықтығының ұзақтығы – 42 км 195 м. Орталық Азиядағы ең ауқымды спорттық оқиға.

Өткізу мақсаты:

- жүгіру және скандинавиялық жүрісті насихаттау;
  - жүгірушілерді халықаралық марафон жарыстарына дайындау;
  - ерекше қажеттіліктері бар балалар арасында спортты қолдау және дамыту.
- Қайырымдылық мақсаттарды жүзеге асыру;
- зиянды әдеттерден бойды аулақ ұстау (шылым шегу);
  - салауатты ұлт қалыптастыру.

## **2. ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ-ЖЕТЕКШІЛЕРІ**

**2.1.** Жалпы жетекшілікті «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қоры жүзеге асырады.

**2.2.** Жарысты дайындау және өткізуді ұйымдастыру Ұйымдастыру комитеті – «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорына жүктеледі (бұдан әрі – Ұйымкомитеті).

## **3. ЖАРЫСТЫ ӨТКІЗУ ОРНЫ ЖӘНЕ УАҚЫТЫ**

**3.1. Жарыс күні және уақыты:** 26 қыркүйек 2021 ж., сағат 06.00 бастап 15.00 дейін.

**3.2. Сөре орны:** Алматы қ., Республика алаңы

## **4. ҚАШЫҚТЫҚТАР ЖӘНЕ ЖАС САНАТТАРЫ**

**4.1.** Жарыс бағдарламасына төмендегілер кіреді:

Марафон 42 км 195 м;

Экиден командалық эстафетасы 42 км 195 м;

Жартылай марафон 21 км;

10 км қашықтық;

Скандинавиялық жүріс 10 км.

**4.2.** Жас санаттары:

**4.2.1.** 42 км 195 м марафонының жас санаттары:

- 18-24 жас;
- 25-29 жас;
- 30-39 жас;
- 40-49 жас;
- 50-59 жас;
- 60 жастан үлкен.

**4.2.2.** 21 км 97,5 м жартылай марафонының жас санаттары:

- 18 жастан үлкен.

**4.2.3.** 10 км қашықтыққа жас санаттары

- 15-17 жас;
- 18 жастан үлкен.

## **5. ЖАРЫС ҚАТЫСУШЫЛАРЫ**

**5.1.** Жүгіру жарыстарына қатысуға төмендегілерге рұқсат етіледі:

42 км 195 м **марафон** – 18 жастан бастап және одан үлкен қатысушылар;

21 км жартылай марафон – 18 жастан бастап және одан үлкен қатысушылар;  
10 км қашықтық – 15 жастан бастап және одан үлкен қатысушылар;  
10 км Скандинавиялық **жүріс** – 15 жастан бастап және одан үлкен қатысушылар;  
42 км 195 м **Экиден** командалық **эстафетасы** – 16 жастан бастап және одан үлкен 6 адамнан тұратын команда.

**5.2.** Бір мезетте бірнеше қашықтыққа жүгіру жарысына қатысуға тыйым салынады.

**5.3.** Тіркеу кезінде жарыс өту кезіндегі толық жас саны есепке салынады.

**5.4.** Элиталық біліктілік. Elite – алдын ала расталған біліктілік уақыты бар әуесқой спортшыларға арналған жеке сөрелік кластер.

**5.4.1.** 42 км 195 м қашықтықта элиталық санаттағы спортшыларды тіркеу [almaty-marathon.kz](http://almaty-marathon.kz) сайттында электрондық тіркеуден өткеннен кейін жүргізіледі.

**5.4.2.** *(Тармаққа 11.08.2021 жылы өзгертулер енгізілді)* Элиталық санатқа біліктілік алу үшін спортшы немесе оның ресми өкілі 22 қыркүйектің 2021 ж. дейін [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) электронды мекен-жайға өтініш жіберуі керек және біліктілік уақытына сәйкес келетін нәтижелерді жіберу керек. Осындай қашықтыққа өтінім беру сәтіне дейін соңғы үш жыл ішінде өткен жарыстардың нәтижелері ескеріледі.

**5.4.3.** Жаттығуды мобильді қосымшаға жазу растау емес.

**5.4.4.** 42 км 195 м қашықтықта элиталық санатқа қосылуға үміткерлер үшін біліктілік уақыты:

- ерлер: марафонда 2:50:00 дейін;
- әйелдер: марафонда 3:50:00 дейін.

**5.4.5.** 21 км 97,5 м қашықтықта элиталық санатқа қосылуға үміткерлер үшін біліктілік уақыты:

- ерлер: марафонда 1:20:00 дейін;
- әйелдер: марафонда 1:45:00 дейін.

## **6. ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ШЫҒЫНДАРЫ**

**6.1.** Жарысты ұйымдастыру және өткізу шығындарына жауапкершілікті Ұйымкомитеті көтереді.

**6.2.** Жол, орналасу және тамақтану шығындарын жіберуші ұйымдар немесе қатысушылардың өздері көтереді.

## **7. ЭКИДЕН КОМАНДАЛЫҚ ЭСТАФЕТАСЫ**

**7.1.** Экиден командалық эстафетасына 16 жастан асқан спортшылар қатыса алады. Команда 6 адамнан тұрады, олардың әрқайсысы өз жолын еңсереді. Жалпы, әр команда 42 км 195 м жүгіреді.

**7.2.** Екі немесе одан да көп командаларға қатысуға, сондай-ақ трассаның бірнеше учаскесін еңсеруге тыйым салынады.

**7.3.** Команда үшін қатысу құны – 150 000 тг.

**7.4.** Экиден командаларын тіркеу [www.almaty-marathon.kz](http://www.almaty-marathon.kz) сайттында 2021 жылғы 4 қаңтардан бастап және 2021 жылғы 15 қыркүйекте аяқталады. Толық ақпарат алу үшін [cc@almaty-marathon.kz](mailto:cc@almaty-marathon.kz) пошта арқылы хабарласуыңызды сұраймыз.

**7.5.** Эстафетаны табыс ету пункттері:

1 қатысушы (старт) – Республика аланы

2 қатысушы – Әл-Фараби даңғылы, Ходжанова к. қиылысы

- 3 қатысушы – Абай даңғылы, Тілендиев к. қиылысы  
4 қатысушы – Сәтпаев көшесі, Сейфуллин к. қиылысы  
5 қатысушы – Саин даңғылы, Торайғыров к. қиылысы (сақинаға дейін)  
6 қатысушы – Абай даңғылы, Өтеген батыр к. қиылысы

## **8. ТІРКЕУ. ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУҒА РҰҚСАТ ЕТУ ШАРТТАРЫ**

**8.1.** Қатысушыларды тіркеу [www.almaty-marathon.kz](http://www.almaty-marathon.kz) сайтында 2021 жылдың 4 қаңтарында басталып, 2021 жылдың 17 қыркүйекте немесе тіркелген қатысушылар саны 17 000-ға жеткенде аяқталады.

**8.2.** Корпоративтік қатысушыларды тіркеу сұраныс бойынша [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) пошта арқылы жүзеге асырылады. Бір компаниядан қатысушылар саны 30 адамнан артық болуы тиіс. Қатысушылар саны 30 адамнан кем командалар сайтта өз бетінше тіркеледі.

**8.3.** Онлайн-тіркеуден өтіп, осы нақты жүгіру жарысына тіркелу фактісі бойынша берілген ID-нөміріне сай сөрелік жарнаны төлеген қатысушы тіркелген болып саналады. Қатысушылар тізіміне тек ақысы төленген өтінімдер ғана енгізіледі.

**8.4. Тіркелу және сөрелік жарнаны төлеу арқылы қатысушы Жарыс Ережелерімен келіседі.**

**8.5.** *(Тармаққа 11.08.2021 жылы өзгертулер енгізілді)* Сөрелік жинақтар 2021 жылдың 24-25 қыркүйегінде, сағат 10:00 ден 21:00-ге дейін Алматы қаласында беріледі.

Нақты беру орны кейінірек жарияланады.

**Назар аударыңыз!** Сөрелік жинақтар басқа күндері берілмейді.

**8.6.** *(Тармаққа 11.08.2021 жылы өзгертулер енгізілді)* Корпоративтік қатысушылар өз сөре нөмірін 2021 жылғы 24-25 қыркүйек күндері Спорт жәрмеңкесі күні алып кете алады. Сөрелік жинақтарды алу үшін өзімен бірге алып кететін адамның жеке куәлігінің көшірмесі, сондай-ақ әрбір қатысушының жеке куәлігінің көшірмесі болуы қажет.

**8.7.** Қатысушылар жарысқа қатысушы пакетін беру кезінде көрсетілетін құжаттар болған кезде ғана жіберіледі:

**18 жастан кіші** қатысушылар үшін:

- Жеке бас куәлігінің көшірмесі (туу туралы куәліктің көшірмесі);
- Жарысқа қатысуға рұқсат беру туралы ата-ананың екеуінің қолхаты;
- Қолхатқа өз қолдарын қойған ата-ананың екеуінің де жеке бас куәліктерінің көшірмесі.

**18 жастан бастап және одан үлкен қатысушылары үшін:**

- Жеке бас куәлігі;
- Денсаулық туралы қолхат.

**8.8.** Қатысушы өзінің сөрелік нөмірін алып кете алмайтын жағдайларда өзге адам қатысушының жеке бас куәлігінің көшірмесін, сөрелік нөмірді алатын адамның жеке куәлігінің көшірмесін және қатысушының атынан жазылған денсаулық туралы қолхатты көрсету арқылы сөрелік нөмір берілетін күні алып кете алады.

**8.9. Сөрелік жарна:**

- 42 км 195 м марафон – 9 000 теңге;  
21 км жартылай марафон – 8 000 теңге;  
10 км қашықтық – 7 000 теңге;

Скандинавиялық жүріс – 7 000 теңге;

Экиден эстафетасы – бір команда үшін 150 000 теңге.

- 8.10. (Тармаққа 03.09.2021 жылы өзгертулер енгізілді) Қашықтықты тек 2021 жылдың 07 қыркүйегіне дейін (қоса алғанда) ауыстыруға болады.** Қатысуға слот сатып алынған болса, Ұйымкомитетіне хабарласып, қашықтықты ауыстырғаны үшін 1 000 теңге төлеу қажет. Қашықтықты кішіден үлкенге ауыстырған жағдайда слоттардың өзіндік құнындағы айырмашылық да төленеді. Қашықтықты үлкеннен кішіге ауыстырған жағдайда слоттардың құнындағы айырмашылық қайтарылмайды. Қашықтықты ауыстыру тандалған қашықтықта бос слоттар болған кезде ғана жүзеге асырылады. Атаулы нөмірді бір қашықтықтан екіншісіне ауыстырған кезде атаулы нөмір сақталмайды.
- 8.11.** Жеңсіз жейделер тек сөрелік жинақтар беру күні таратылады. Қатысушы жеңсіз жейдені алып кетпеген жағдайда ол оны басқа күндері ала алмайды.
- 8.12. (Тармаққа 11.08.2021 жылы өзгертулер енгізілді)** Атаулы нөмірлер 2021 жылдың 26 тамызына дейін (қоса алғанда) тіркелгенде және сөре нөмірі үшін ақша төлегенде беріледі.
- 8.13. Жарысқа қатысуға төленген қаражат қайтарылмайды.** Қате немесе өзгенің ID-нөміріне жіберілген қаражат қайтарылмайды және басқа қатысушыға аударылмайды.
- 8.14. Сөре нөмірі жоқ қатысушылар жарысқа жіберілмейді.**
- 8.15.** Сөре нөмірі анық көрінуі керек, сөре нөмірі алдыңғы кеудеге немесе белдік белбеуіне орналастырылуы керек;
- 8.16. Өзге біреудің нөмірімен қатысуға тыйым салынған.** Сөре нөмірін өзге қатысушыға беру фактісі анықталған жағдайда нөмірді берген және өзгенің нөмірін алған қатысушы нәтижесі жокқа шығарылып, осы жарыстан аластатылады. Келесі 3 жарысқа да жіберілмейді.
- 8.17.** Құлаққаппен қатысуға кеңес берілмейді.
- 8.18.** Сөрелік қалаға кіру тек медициналық немесе қайта пайдалануға болатын маскада рұқсат етіледі. Қатысушылар сөреге шыққанға дейін кемінде 1,5-2 метр қашықтықты сақтауға, сондай-ақ ұйымдастырушылардың нұсқауларын сақтауға міндеттенеді. Өзіңізді нашар сезінсеңіз, үйде болыңыз. Ұйымдастырушылар мен еріктілердің қатысушыда температура немесе вирустық ауру белгілері болған жағдайда Спорттық жәрмеңкеге немесе сөрелік қалашыққа кіруіне тыйым салу құқығы бар. Сөре басталғанға дейін бірнеше күн бұрын қатысушыларға ПТР-тест тапсыру ұсынылады.
- 8.19.** Қатысушы спорттық іс-шарада Covid-19 вирустық ауруының таралуына қарсы күрес жөніндегі Регламентте жазылған барлық ережелерді оқып, сақтауға міндетті.
- 8.20. «Алматы марафоны» іс-шарасын өткізуге Мемлекеттік мекемелер тарапынан ресми тыйым салынған жағдайда, іс-шараның өткізілу күні кешрек мерзімге ауыстырылады. Нақты күні кейінірек хабарланады. Қатысушылардың осы жылғы енгізген сөрелік жарналары автоматты түрде кеш мерзімге ауыстырылады.**
- 8.21.** Егер мемлекеттік қаулыларға байланысты басқа елден қатысушы мемлекеттік шекараны сөре қарсаңында кесіп өте алмаса және «Алматы марафонына» қатыса алмаса, ол сөрелік жарнаны «Алматы марафонына» 2022 ауыстыруға өтінім бере алады. Егер жарыс бұрын кейінге қалдырылған болса, басқа елдерден қатысушылардың сөрелік слоттары да ауыстырылады.

## **9. НӘТИЖЕЛЕРДІ САНАУ ЖӘНЕ ЖЕҢІПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ**

- 9.1.** Жүгіруге қатысушылардың нәтижесін электрондық хронометраж жүйесі белгілеп алады және оны сот алқасы растайды. Жүгіру жарысының жеңімпаздары мен жүлдегерлері қатысушының мәре уақыты бойынша анықталады.

9.2. Жүгіру жарысы жеңіпаздары мен жүлдегерлерін анықтау IAAF 165.24 («IAAF жалпы ережелері») ережелеріне сай келу фактісі бойынша жүзеге асырылады;

9.3. Мәре сызығын кесіп өткен 42 км 195 м қашықтықтағы жарысқа қатысушылар өздерінің алдын-ала нәтижелерін электронды таблодан көре алады;

9.4. Ресми қорытындылар [www.almaty-marathon.kz](http://www.almaty-marathon.kz) сайтында іс-шара аяқталған соң 24 сағат ішінде жарияланады.

9.5. Жарысқа қатысушының нәтижелері сөре нөмірі дұрыс тағылған жағдайда ғана тіркеледі;

9.6. Жарыстардың Ұйымкомитеті төмендегі жағдайларда әрбір қатысушының жеке нәтижеге ие болатынына төмендегі жағдайларда 100% кепілдік бере алмайды:

- Чиптің дұрыс тағылмауы;
- Чиптің магнитсіздендірілуі;
- Сот алқасының шешімі бойынша жарыстан шығару.

9.7. Нәтижелерді шығару кезінде қолданылатын терминология:

- DNS – Did not start (қатысушы сөреге шыққан жоқ)
- DNF – Did not finish (қатысушы мәреге жеткен жоқ)
- DSQ – Disqualified (қатысушы жарыстан шығарылды)
- CR – Championship Record (жарыстар рекорды)
- GUN TIME – Мәре уақыты - қатысушының сөре белгісінің берілуінен бастап мәре маттарынан өткенген дейінгі уақыты.
- CHIP TIME – Чип уақыт – қатысушының сөре маттарынан бастап мәрте маттарына өткенге дейінгі уақыты.

**МАҢЫЗДЫ!** Жүгірудің жеңімпаздары мен жүлдегерлері қатысушының мәре уақыты бойынша анықталады.

## **10. ЖЕҢПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ**

**10.1. 42 км 195 м марафон қашықтығы** - ерлер мен әйелдер арасындағы қатысушыларды әр жас санатында 1-3 орындар үшін марапаттау. Жеңіпаздар мен жүлдегерлер мактау қағазы, медаль мен бағалы сыйлық алады.

**10.2. 42 км 195 м марафон қашықтығы** – ерлер мен әйелдер арасындағы қатысушыларды абсолюттік біріншілікте 1-3 орындар үшін марапаттау. Жеңіпаздар мен жүлдегерлер ақшалай сертификат, мактау қағазы, медаль мен бағалы сыйлық алады. Абсолютті есептегі жеңіпаздар жас санаттары бойынша марапатталмайды. Абсолютті және жас санаттарына 4 сағаттан кем емес уақытта мәреге жеткен 60 жастан кіші қатысушылар кіреді.

**10.3. 21 км 97,5 м жартылай марафон қашықтығы** - ерлер мен әйелдер арасындағы қатысушыларды абсолюттік біріншілікте 1-3 орындар үшін марапаттау.. Жеңіпаздар мен жүлдегерлер ақшалай сертификат, мактау қағазы, медаль мен бағалы

сыйлық алады.

**10.4. 10 км қашықтық** - ерлер мен әйелдер арасындағы қатысушыларды әр жас санатында 1-3 орындар үшін марапаттау.

Жеңіпаздар мен жүлдегерлер мақтау қағазы, медаль мен бағалы сыйлық алады.

**10.5. Марафон эстафетасы (экиден).** Командаларды абсолютті біріншілікте 1-3 орындар үшін марапаттау.

Жеңіпаздар мен жүлдегерлер мақтау қағазы, кубок пен бағалы сыйлық алады.

**10.6.** Жарыстың мәреге жеткен барлық қатысушылары мәреші медалін алады.

**10.7.** Ақшалай сыйлықтарды жеңген қатысушылар сыйлықты жеке банктік шотына ақша аударымы арқылы ала алады. Ол үшін сіз жарыс аяқталғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) поштасына хат жіберуіңіз керек:

**Қазақстан Республикасының резиденттері үшін:**

Банктік шот туралы анықтама, сондай-ақ жеңімпаздың жеке куәлік көшірмесі;

**Қазақстан Республикасының резиденті емес қатысушыларға:**

Жеңімпаздың жеке куәлігінің көшірмесі, банктің атауы, банк бөлімшесінің мекен-жайы және сіз ақша алатын қаланың атауы.

**10.8.** Егер қатысушы жүлделі орын үшін алған сыйлығын жарыс кезінде алып кете алмайтын болса, шара өткен соң 10 күн ішінде «Бірінші болу - батылдық» корпоративтік қорының кеңсесінен Алматы қаласы, Әл-Фараби алаңы 5к1 а, 501 кеңсе мекенжайы бойынша алып кете алады.

Қатысушы сыйлықтарды өз бетінше алып кете алмайтын және бұл істі сенімді тұлғаға тапсыратын жағдайда жеңіпаз [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) почтасына ұйымдастырушылар алушының есебінен жібере алатын мекенжайды жібере алады.

Бұл таңдау тек ҚР резиденттері үшін қол жетімді.

## **11. (Тармаққа 03.09.2021 жылы өзгертулер енгізілді) ЖАРЫС БАҒЫТЫНДАҒЫ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**11.1.** Біздің ұсыныстарымыз:

- Құлаққаптардан бас тарту. Қатысушы басқа жүгірушілердің, төрешілер мен ұйымдастырушылардың ескертулерін естуге міндетті.
- Екі және одан көп қатысушылармен бір қатарда жүгірмеу.
- Жаяу жүруге көшкенде жолдың оң жағын ұстану.

**11.2.** Тыйым салынады:

- Арбамен жүретін спортшылардан басқа барлық адамдарға кез келген механикалық құралдарды (самокат, велосипед, роликтер және т.б.) пайдалануға.
- Жануарлармен қатысуға.
- Алкогольдік немесе есірткілік масандық күйінде қатысуға.
- Басқа қатысушыларға қауіпті болуы мүмкін кез келген заттармен қатысуға.
- Серуендеу арбаларымен қатысуға.

- Қатысушылардың қозғалысына және жарысты ұйымдастыруға басқа да тәсілдермен кедергі жасауға.
- Ережені бұзған қатысушы жарыстан шығарылуы мүмкін.

11.3. Адамдардың жаппай жиналуына жол бермеу үшін жанкүйерлерге шараға барудан бас тартуға кеңес береміз.

## **12. ЖАРЫСТАН ШЫҒАРЫЛУЫ**

12.1. Ұйымдастырушылар қатысушыны келесі жағдайларда жарыстан шығаруға құқылы:

- қатысушы сөре ресми басталмай жатып жүгүруді бастады;
- қатысушы жүгүруді сөре аймағы жабылғаннан кейін бастады;
- қатысушы сөреге сөре нөмірсіз шықты;
- қатысушы ұйымдастырушылардың, төрешілердің немесе бас дәрігердің нұсқаулары мен ескертпелеріне назар аудармайды;
- қатысушы жарыс ережелерін бұзған жағдайда;
- қатысушы екі қашықтықта немесе екі және одан да көп команда құрамында жүгірді, бұл қатысушыны да, команданы да дисквалификациялауға алып келеді.

12.2. Қатысушылар қорытынды хаттамадан шығарылуы жағдайлары:

- қатысушы басқа адамға тіркелген нөмірімен жүгірді;
- қатысушы қашықтықты қысқартты;
- қатысушы тіркелмеген қашықтықты жүгірді;
- қатысушы қол асты көлік құралдарын қолданды (велосипед, мотороллер және т.б.);
- қатысушы жарысты сөре аймағынан емес жерден бастады;
- қатысушы белгілі бір жарыстың ресми нөмірінсіз жүгіріске қатысты немесе нөмір киім астында жасырылды.

## **13. ЖАРЫС БАҒДАРЛАМАСЫ (Кейінірек жария етіледі)**

**Сөре:**

7.30 — 42,2 км элита, Экиден, 42,2 км барлығы

7.40 — 21,1 км элита, 21,1 км барлығы

7.55 — 10 км

8.10 — Скандинавиялық жүріс, 10 км

**Марапаттау:**

9.20 — 10 км

10.00 — 21 км абсолютті біріншілік

11.10 — 42 км абсолютті біріншілік

11.30 — Экиден

12.30 — 42 км (жас санаттары)

**13.00 — 42 км (жас санаттары)**

**13.30 — 42 км (жас санаттары)**

42 км 195 м қашықтықты еңсеруге берілген уақыт шектеуі – 6 сағат 00 минут

21 км қашықтықты еңсеруге берілген уақыт шектеуі – 3 сағат 00 минут

10 км қашықтықты еңсеруге берілген уақыт шектеуі – 2 сағат 00 минут

Скандинавиялық жүріс қашықтығын еңсеруге берілген уақыт шектеуі – 2 сағат 00 минут

## **14. СОТ АЛҚАСЫ**

**14.1.** Сот алқасы. Төрешілер жарыс ережелерінің сақталуын, спорттық доданың әділ және дұрыс жүргізілуін, ал жеңімпаздың объективті түрде анықталуын мұқият бақылайды. Осы жарыста қызмет көрсететін спорт төрешілерінің барлығы сот алқасын құрайды.

**14.2.** Сот алқасына төмендегілер кіреді:

### **• Жарыстардың бас төрешісі**

*Бас төреші* төрешілер арасында міндеттерді бөледі. Жарыстар аяқталған соң бас төреші іс-шара туралы есеп құрады және онымен қоса жарыстар нәтижелерін Ұйымкомитетіне ұсынады.

### **• Жарыстардың бас хатшысы**

*Жарыстардың бас хатшысы* хаттамаларды өңдейді және нәтижелерді шығарады, төрешілерге, қатысушыларға және көрермендерге сөрелердің барысы туралы уақтылы ақпарат беру үшін қажетті материалдарды құрастырып, соңында нәтижелер бойынша жалпы есебін шығарады.

### **• Сөре-мәре аймағының төрешілері**

*Сөре-мәре аймағының төрешілері* сөре кезінде ережелердің сақталуы және ешкімнің артықшылықтарға ие болмауы үшін спортшылардың қашықтыққа кластерлерге сәйкес баруын қадағалайды. Төрешілер мәре түзуінде алғашқы 10 мәрешіні мәре хаттамаларына белгілейді. Хаттамалар нәтижелерді хронометраж жүйесімен салыстыру үшін бас төрешіге беріледі.

Сот алқасына кәсіби спортшылар мен мамандарды шақыруға рұқсат етіледі.

### **14.3. Жарыстың бас дәрігері**

*Жарыстың бас дәрігері* медициналық қызметкерлер мен еріктілердің қашықтық жолын және сөре-мәре қалашығының жұмысын бақылайды. Қажет болған жағдайда, бас дәрігер қатысушыны конкурстан алып тастай алады.

## **15. НАРАЗЫЛЫҚТАР МЕН ШАҒЫМДАР**

**15.1.** Наразылықтар Ұйымдастыру комитетіне беріледі және оларды сот алқасы қарайды

**15.2.** Қатысушы іс-шара аяқталғаннан кейінгі 2 (екі) күнтізбелік күннің ішінде шағым беруге құқылы.

Шағымдар [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) электрондық мекен-жайына жіберіледі

Шағым беру кезінде төмендегі мәліметтерді көрсету қажет:

- тегі және аты (аты көрсетілмеген шағымдар қаралмайды);

- шағымның мәні, шағымның мазмұны;
- шағым жасауға түрткі болған негіздер (фотосурет, жеке секунд өлшеуіш, субъективті пікір және т.б.).

**15.3.** Ұйымкомитеті шағымның немесе наразылықтың берілген сәтінен бастап 24 сағаттың ішінде шағым берілген электрондық мекенжайға жіберілетін ресми жауап дайындайды.

**15.4.** Шағымдар тек қатысушылардан қабылданады.

## **16. БАҚ-ТЫ АККРЕДИТАЦИЯЛАУ**

**16.1.** БАҚ-ты аккредитациялау алдына ала жүргізіледі. Аккредиттелу үшін мәліметтерді (БАҚ аты, корреспонденттің, оператордың, фотографтың аты-жөні, байланыс телефоны мен e-mail) [prmanager@almaty-marathon.kz](mailto:prmanager@almaty-marathon.kz) поштасына 2021 жылдың 24 қыркүйегіне дейін жіберу қажет.

## **17. АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ**

**17.1.** Іс-шара туралы толық ақпарат [www.almaty-marathon.kz](http://www.almaty-marathon.kz) сайтында, сондай-ақ мына әлеуметтік желілердің аккаунттарында көрсетілген:

[vk.com/almatymarathon](https://vk.com/almatymarathon)

[facebook.com/almatymarathon](https://facebook.com/almatymarathon)

[instagram.com/almatymarathon](https://instagram.com/almatymarathon)

[https://t.me/almaty\\_marathon](https://t.me/almaty_marathon)

Басқа ақпараттық ресурстардағы ақпарат үшін Ұйымкомитеті жауапкершілік көтермейді.

## **18. СӨРЕЛІК ЖАРНАЛАРДЫ «АЛМАТЫ МАРАФОНЫ» 2022 ЖАРЫСЫНА ҚАЛДЫРУ:**

**18.1.** Ақшалай қаражаттарды қалдыру тек «Алматы марафоны» 2021 жарысының сөрелік жарнасын **11.08.2021 ж.** Нұр-сұлтан қ. уақытымен **23:59-ға дейін** төлеген қатысушыларға ғана жүргізіледі. 100% сөрелік жарналар қалдырылады (сатып алынған жеңіл жейде / лонгслив сақталады).

**18.2.** «Алматы марафоны» 2021 жарысының сөрелік жарнасын **12.08.2021 ж.** Нұр-сұлтан қ. уақытымен сағат **00:00-ден кейін** төлеген қатысушыларға, **26.09.2021 ж.** өтетін «Алматы марафоны» 2021 іс-шарасына сөрелік нөмірлер беріледі. Ақшалай қаражат кейінге қалдырылмайды.

**18.3.** Қаражатты қалдыруға арналған өтінімдерді қабылдау **16.08.2021-16.09.2021 ж.** аралығында [www.almaty-marathon.kz](http://www.almaty-marathon.kz) сайтындағы жеке кабинет арқылы жүргізіледі.

## **19. ҚАРАЖАТТЫ «АЛМАТЫ МАРАФОНЫ» 2022 ЖАРЫСЫНА ҚАЛДЫРУҒА ӨТІНІМ БЕРУ.**

1. «Алматы марафоны» [almaty-marathon.kz](http://almaty-marathon.kz) сайтындағы жеке кабинетке кіру
2. «Менің жүгірулерім» бөлімінде «Алматы марафоны» іс-шарасын таңдау
3. «Алматы марафоны» 2022 жарысына қалдыруды рәсімдеу батырмасын басу
4. Өтінімді рәсімдеумен келісу

## **20. СӨРЕЛІК ЖАРНАЛАРДЫ ҚАЙТАРУ:**

20.1. Ақшалай қаражаттарды қайтару тек «Алматы марафоны» 2021 жарысының сөрелік жарнасын **11.08.2021 ж.** Нұр-сұлтан қ. уақытымен **23:59-ға дейін** төлеген қатысушыларға ғана жүргізіледі. 100% сөрелік жарналар қайтарылады (сатып алынған жеңіл жейде / лонгслив сақталады).

20.2. «Алматы марафоны» 2021 жарысының сөрелік жарнасын **12.08.2021 ж.** Нұр-сұлтан қ. уақытымен сағат **00:00-ден кейін** төлеген қатысушыларға, **26.09.2021 ж.** өтетін «Алматы марафоны» 2021 іс-шарасына сөрелік нөмірлер беріледі. Ақшалай қаражат қайтарылмайды.

## **21. ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ.**

Қаражатты қайтаруға арналған өтінімдерді қабылдау **16.08.2021-16.09.2021 ж.** аралығында [www.almaty-marathon.kz](http://www.almaty-marathon.kz) сайтындағы жеке кабинет арқылы жүргізіледі.

## **22. ҚАРАЖАТТЫ ҚАЙТАРУҒА ӨТІНІМ БЕРУ.**

- «Алматы марафоны» [almaty-marathon.kz](http://almaty-marathon.kz) сайтындағы жеке кабинетке кіру
- «Менің жүгірулерім» бөлімінде «Алматы марафоны» іс-шарасын тандау
- Қайтаруды рәсімдеу батырмасын басу
- Өтінімді рәсімдеумен келісу

### **22.1 ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАСЫЗ (БАНК ШОТЫНА) ТӨЛЕМДЕРДІ ҚАЙТАРУ ОРНЫ МЕН УАҚЫТЫ.**

Қолма-қол ақшасыз төлемдерді қайтару **04.10.2021-10.10.2021 ж.** аралығында «Алматы марафонының» сөрелік жарнасын төлеген картаға жүргізіледі.

### **22.2. ҚОЛМА-ҚОЛ ТӨЛІМДЕРДІ ҚАЙТАРУ ОРНЫ МЕН УАҚЫТЫ**

22.3. «Алматы марафонының» 2021 жарысының сөрелік жарнасын Qiwi терминал арқылы төлеген қатысушыларға қайтару, «Бірінші болу – батылдық» КҚ кеңсесінде қолма-қол ақшалай жүргізіледі.

22.4. Қолма-қол ақшамен қайтару **04.10.2021-08.10.2021 ж.** аралығында Нұр-Сұлтан қ. уақытымен сағат **11:00-ден 16:00-ге дейін** «Бірінші болу – батылдық» КҚ кеңсесінде, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 5 1а корпус, 501 кеңсе мекенжайы бойынша жүргізіледі.

## **25. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**25.1.** Осы Жарыс ережесі Жарысқа қатысу үшін ресми шақыру болып табылады.

**25.2.** Ұйымдастырушы осы Жарыс ережесіне өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.